

Авторларға арналған ақпарат

Біз сіздерді журналымыздың авторлары қатарында қарсы алуға қуаныштымыз. Қолжазбаларды қарау және жариялау үдерісі барынша ұйымдасқан әрі ашық түрде өтуі үшін осы талаптармен мұқият танысуыңызды сұраймыз.

Осы талаптар медициналық журнал редакторлары халықаралық комитетінің (ICMJE — International Committee of Medical Journal Editors) ұсынымдары мен баспа этикасы жөніндегі комитеттің (COPE — Committee on Publication Ethics) қағидаттарын ескере отырып әзірленген. Аталған талаптарды сақтау жарияланымдардың сапасын арттыруға, зерттеу нәтижелерінің қайта өндірілуін қамтамасыз етуге және ғылыми дәйексөздердің дұрыстығын сақтауға ықпал етеді.

Толығырақ:

ICMJE — <https://www.icmje.org/recommendations/>

COPE — <https://publicationethics.org/guidance>

1. ЖАРИЯЛАУ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ МАҚАЛАЛАРДЫ ЖІБЕРУ

Журнал жылына 2 рет жарық көреді. Мақалаларды қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- **1 мамырға** дейін (1-нөмірге),
- **1 қарашаға** дейін (2-нөмірге).

Журналдың шығу кестесі бас редактордың шешімімен өзгертілуі мүмкін, алайда басылымның мерзімділігі жылына екі шығарылымнан кем болмауы тиіс.

Дайын қолжазбалар келесі электрондық пошта мекенжайына жіберіледі:
ppn.journal@gmail.com

Хатқа **міндетті түрде** келесі файлдар қоса тіркелуі **ҚАЖЕТ**:

- кестелерді, суреттерді және оларға берілген түсіндірмелерді қоса алғанда, **қолжазбаның мәтіні** (*.doc / .docx форматында);
- **жолдау хат** (PDF форматындағы скан-көшірме);
- барлық бірлескен авторлар қол қойған авторлардың келісім нысаны / лицензиялау (құқықтарды беру) нысаны (PDF форматындағы скан-көшірме).

Қарауға мәтіннің бірегейлігі кемінде 80 % болатын жұмыстар қабылданады. Автор(лар) қолжазбаның түпнұсқа екенін, бұрын жарияланбағанын және басқа басылымдарда қарастырылмағанын растайды. Бұрын жарияланған мақалалардың басқа тілдерге аудармалары қарауға қабылданбайды. Қайталанатын материалдар болған жағдайда (мысалы, бұрын жарияланған деректердің жекелеген фрагменттері) авторлар бұл туралы көрсетуге және бастапқы дереккөзге дұрыс сілтеме жасауға міндетті.

Редакция ғылыми жұмыстарды дайындау, рецензиялау және жариялау үшін авторлардан ақы алмайды.

2. РЕЦЕНЗИЯЛАУ ҮДЕРІСІ

Редакцияға келіп түскен барлық қолжазбалар міндетті түрде рецензиялаудан өтеді. Журналда екі жақты соқыр рецензиялау моделі қолданылады.

Рецензиялау стандартталған чек-парақтың көмегімен жүргізіледі, бұл ғылыми жұмыстарды бағалауда бірыңғай әрі объективті тәсілді қамтамасыз етеді, сондай-ақ құпиялылық пен ғылыми адалдық қағидаттарының сақталуына мүмкіндік береді.

Ескертулер анықталған жағдайда қолжазба авторларға пысықтауға қайтарылады. Рецензиялау нәтижелері бойынша авторларға рецензенттердің анонимдендірілген ескертулері және/немесе қолжазбаны жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды немесе қабылданған редакциялық шешімнің негіздемесін қамтитын редакциялық қорытынды жолданады. Рецензенттің жеке басы ашып көрсетілмейді.

Редакция өзіне келесі құқықтарды қалдырады:

- зерттеу әдіснамасы мен статистикалық деректерді өңдеуге қатысты түсіндірмелер сұрату;

- есептеулердің дұрыстығын тексеру үшін негізделген қажеттілік болған жағдайда бастапқы (объективтендірілген) деректерді сұрату;
- мақаланың ғылыми мазмұнын бұрмаламайтын редакциялық және стильдік түзетулер енгізу.

3. АПЕЛЛЯЦИЯ

Авторлар қолжазба бойынша қабылданған редакциялық шешімге қатысты редакцияға жазбаша апелляция жолдауға құқылы. Апелляциялар журналдың редакциялық алқасы тарапынан белгіленген тәртіпке сәйкес қаралады. Апелляция жолдау қабылданған шешімнің міндетті түрде қайта қаралуына әкеп соқпайды.

4. ТҮЗЕТУЛЕР ЖӘНЕ РЕТРАКЦИЯ

Қателіктер, жарияланым этикасының бұзылуы немесе өзге де елеулі мән-жайлар анықталған жағдайда журнал редакциясы түзетулерді (corrigendum/erratum), ескертулерді (expression of concern) жариялауға немесе мақаланы ретракциялауды жүзеге асыруға құқылы. Ретракция туралы мәлімет журналдың ресми сайтында орналастырылады, бұл ретте мақаланың мәтіні тиісті белгі қойыла отырып журнал нөмірінің құрамында сақталады.

5. ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- Жалпы параметрлер
- Формат: Microsoft Word (*.doc / .docx).
- Тілі: қазақ, орыс немесе ағылшын.
- Қаріп: Times New Roman, 14.
- Жоларалық интервал: 1,5.
- Өрістер: барлық жағынан 2 см.
- Абзацтық шегініс: 1,25 см.
- Беттерді нөмірлеу: титулдық беттен бастап міндетті түрде тұтас (сквозная) нөмірленуі тиіс.
- Көлемі мен құрылымы
- Түпнұсқа мақала: 20 беттен аспауы тиіс (түпнұсқа зерттеу нәтижелері).
- Әдебиеттік шолу: 30 беттен аспауы тиіс.
- Клиникалық бақылауды сипаттау: 10 беттен аспауы тиіс.
- Әдебиеттер тізімі: 10–40 дереккөз (шолулар үшін көбірек болуы мүмкін).

Түпнұсқа мақаланың құрылымы келесі бөлімдерді қамтуы тиіс: атауы, авторлар туралы мәліметтер, түйіндеме, түйінді сөздер, кіріспе, материалдар мен әдістер, нәтижелер, талқылау, қорытынды, қаржыландыру (болған жағдайда), мүдделер қақтығысы, авторлардың үлесі, әдебиеттер тізімі.

Бөлім атаулары жаңа жолдан беріледі, қалың қаріппен белгіленеді, тырнақшасыз жазылады.

Кестелер мен суреттер

Көрнекі материал мәтінде алғаш рет аталғаннан кейін орналастырылады. Кестелер мен суреттер, сондай-ақ оларға берілген түсіндірмелер қолжазба файлының ішінде беріледі және қосымша түрде мақаланың соңында бөлек беттерде қайталануы мүмкін. Басқа дереккөздерден алынған иллюстрацияларды қолдану кезінде бастапқы дереккөз міндетті түрде көрсетіліп, пайдалану құқығы расталуы тиіс.

6. МАҚАЛА МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Титулдық бет

Алғашқы бетте келесі (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) мәліметтер көрсетілуі тиіс: **мақаланың атауы** (қалың қаріппен): қысқа (180 таңбадан аспауы тиіс), мазмұнды; сұраулы тұжырымдар мен қысқартуларды қолдануға жол берілмейді;

әрбір автордың тегі, аты, әкесінің аты;

ұйымдардың толық атауы; автордың ұйыммен байланысы жоғарғы индекс арқылы көрсетіледі (мысалы, Иванов С.В.¹);

хат алмасуға жауапты автордың деректері: толық аты-жөні, мекенжайы, телефон нөмірі және электрондық пошта.

2. Түйіндеме және түйінді сөздер

Түйіндеме қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Түйіндеме (300 сөзге дейін) құрылымдалған болуы және келесі бөлімдерді қамтуы тиіс: **«Кіріспе», «Мақсат», «Әдістер», «Нәтижелер», «Қорытындылар».**

Түйіндемеден кейін 5–6 түйінді сөз көрсетіледі; **MeSH (Medical Subject Headings)** терминдерін қолдану ұсынылады.

3. Мақаланың негізгі бөлімдері

3.1. Кіріспе

Зерттеу мәселесінің өзектілігін көрсету, тақырып бойынша негізгі зерттеулерге қысқаша шолу жасау және зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау қажет.

3.2. Әдістер

Бұл бөлім зерттеудің дұрыстығын бағалауға және қажет болған жағдайда әдіснаманы қайта өндіруге мүмкіндік беруі тиіс. Келесі мәліметтер көрсетіледі:

зерттеу түрі (мысалы, бақылаулық, эксперименттік, көлденең және т.б.);

қатысушыларды қосу және шығару критерийлері, іріктеуді қалыптастыру тәсілі;

өлшеу және деректерді жинау әдістері (құрал-жабдықтар, препараттар — болған жағдайда);

статистикалық деректерді өңдеу әдістері: статистикалық критерийлер, бағдарламалық қамтамасыз ету (атауы мен нұсқасы), тандалған маңыздылық деңгейі, әдістерді қолданудың негіздемесі; «жалпы қабылданған әдістермен» сияқты тұжырымдарға жол берілмейді;

этикалық қағидаттар: этикалық стандарттарға сәйкестік (мысалы, Хельсинки декларациясы), этикалық комитеттің мақұлдауы туралы мәліметтер (болған жағдайда), деректердің құпиялылығын сақтау және оларды обезличивание шаралары. Пациенттердің аты-жөнін, ауру тарихының нөмірлерін және басқа да жеке идентификаторларды көрсетуге жол берілмейді.

3.3. Нәтижелер

Негізгі нәтижелер логикалық ретпен (мәтін/кестелер/суреттер) талқылаусыз ұсынылады.

Деректерді қайталауға жол берілмейді. p мәндері нақты көрсетілуі тиіс (мысалы, $p = 0,041$), тек $p < 0,05$ түрінде шектеуге болмайды. SI жүйесінің өлшем бірліктері қолданылуы қажет.

Статистикалық маңыздылық клиникалық маңыздылықпен тең емес.

3.4. Талқылау

Негізгі қорытындыларды қысқаша баяндау, алынған нәтижелерді басқа зерттеулердің деректерімен салыстыру, зерттеудің шектеулері мен күшті жақтарын, сондай-ақ ықтимал практикалық маңызын талқылау қажет.

3.5. Қорытынды

Қорытындылар зерттеу нәтижелері мен қойылған мақсаттарға қатаң сәйкес түрде тұжырымдалуы тиіс.

4. Мүдделер қақтығысы және қаржыландыру

Мүдделер қақтығысы. Авторлар әлеуетті немесе нақты мүдделер қақтығысының бар немесе жоқ екенін көрсетуге міндетті (қаржылық байланыстар, ұйымдарға қатысу, кеңес беру, патенттер, демеушілік және т.б.). Мүдделер қақтығысы болмаған жағдайда келесі тұжырым

ұсынылады:

«Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді».

Қаржыландыру. Қаржыландыру көздері (гранттар, бағдарламалар, жобалар, демеушілік) болған жағдайда тиісті деректемелерімен көрсетіледі. Қаржыландыру болмаған жағдайда: *«Зерттеу қаржыландырылған жоқ»* деп көрсетіледі.

5. Авторлардың үлесі

Әрбір автордың жұмыстағы үлесін (тұжырымдама, әдістеме, деректерді жинау, талдау, мәтінді дайындау, редакциялау және т.б.) көрсету ұсынылады. Авторлық ICMJE қағидаттарына сәйкес жауапкершілік пен елеулі үлесті қамтуы тиіс.

6. Авторлар туралы мәліметтер

Әрбір автор үшін жеке-жеке қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде келесі мәліметтер көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты; ғылыми дәрежесі/атағы; лауазымы; ұйымы; электрондық пошта; ғылыми профиль идентификаторлары (болған жағдайда) — **ORCID, РИНЦ, Web of Science, Scopus**.

7. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІН РӘСІМДЕУ

7.1. Жалпы ережелер

Дәйексөздерді біріздендіру және дәлдігін қамтамасыз ету мақсатында авторлардан рәсімдеу қағидаларын қатаң сақтау сұралады. Библиографиялық деректердің дұрыстығына жауапкершілік авторларға жүктеледі.

Дәйексөз беру стилі: Vancouver.

Мәтіндегі сілтемелер: квадрат жақшаларда араб цифрларымен беріледі, мысалы: [1], [2, 7], [10–15].

Дереккөздердің орналасу тәртібі: мәтінде алғаш аталу реті бойынша.

Дереккөздер саны: 10–40 (шолулар үшін көбірек болуы мүмкін).

Шетелдік авторлар: тегі мен инициалдары түпнұсқалық транскрипцияда (латын қарпімен) беріледі.

Авторларды көрсету тәртібі:

авторлар саны төртеу немесе одан аз болған жағдайда — барлығы көрсетіледі;

авторлар саны бесеу немесе одан көп болған жағдайда — алғашқы төртеуі көрсетіліп, «**және т.б. / и др.**» немесе **et al.** (ағылшын тіліндегі дереккөздер үшін) қосылады.

7.2. Әртүрлі дереккөз түрлеріне қойылатын талаптар

Журналдық мақалалар келесі мәліметтерді қамтуы тиіс: авторлар, мақаланың атауы, журналдың атауы, жарияланған жылы, томы/нөмірі, беттері, DOI (болған жағдайда).

Кітаптар/кітаптағы бөлімдер: авторлар/редакторлар, атауы, басылымы, қала, баспа, жарияланған жылы, беттері.

Қазақ және орыс тілдеріндегі дереккөздер үшін жазбаны түпнұсқада беру рұқсат етіледі; халықаралық оқылымдылықты арттыру қажет болған жағдайда транслитерация қосымша берілуі мүмкін.

7.3. Рәсімдеу үлгілері

Журналдағы мақала

1. Cheng WL, Qi YQ, Wang B, Tian L, et al. Eucleation versus hepatectomy for giant hepatic haemangiomas: a meta-analysis. *Ann R Coll Surg Engl.* 2017;99(3):237–241. doi:10.1308/rcsann.2016.0349

2. Чашин В.П., Гудков А.Б., Попова О.Н., Одланд И.О., и др. Характеристика основных факторов риска... *Экология человека.* 2014;(1):3–12. DOI:10.35805/*****V001

Кітап

1. Danovitch GM. *Handbook of Kidney Transplantation.* 4th ed. Boston: Little, Brown and Company; 1996. p. 323–328.

Барлық сұрақтар бойынша келесі электрондық пошта мекенжайына хабарласуға болады: **ppn.journal@gmail.com**